



ОҚЫС ОҚИҒА

Көкшетау. Қарғын су шаһарға таңғы сағат төрт жарым шамасында жайылған. Қаланы қақ жарып өтетін Қылшақты өзені аяқ астынан қыңыр мінез танытты. Қаланың байырғы тұрғындары жаз бойы жылап қана ағатын, арнасы тар, суы аз өзеннің соңғы рет қашан мінез көрсеткенін естеріне түсіре алмады. «Бақсақ бақа екен» дегендей, қала жұртшылығын таң сәріден естерінен тандыра жылы көрпелерінен жұлып алған – Ивановка су қоймасынан босатылған қарғын су екен. Оның үстіне, дәл сол күні қызыл асықтан келетін қырбақ қар жауған. Ауаның температурасы 7 градус шамасында. Қар бірден еріп кетті де, су қоймасынан аққан қызылсумен бірге Қылшақты өзенінің аңғарына құйылды. Өзен мұзы әлі еріп үлгермеген. Сол себепті Көкшетау қаласы автобекетінің жанында арнасынан асып, көпқабатты тұрғын үйлер мен жер үйлердің ауласын басып қалды. Ондаған үй суға кетті. Мектеп пен балабақшаға жету мүмкін болмай қалды.

ҚЫЗЫЛСУ



Фото: express-kz

ҚЫСПАҚҚА АЛДЫ

Барып көрдік. Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Алексей Советов кала ұстаған азаматтарды ертіп жүріп мән-жайды түсіндірді.

Ол: «Кенесары мен Ивановка су бөгеттері мен Қылшақты өзенінің бойында бақылау бекеттері орналастырылды. Дәл қазір төтенше жағдайдың зардабын жою үшін 20 техника мен 300-ге жуық адам жанталаса жұмыс істеуде», — делі.

Өзен аңғарынан судың асып кетуіне қала тұрғындарының, нақтырақ айтқанда, осы мандағы жер үйлерде

тұратын адамдардың да кінәсі бар. Жұрт көзінен таса, қаға берісте болған соң тұрмыстық қалдықты өзен аңғарына сырып, лақтырып тастай беріпті. Сөйтіп, Қылшақтының қылдай кеңірлегін буындарған да тастаған. Су табиғатқа тағылық жасағандардың өздеріне ұмтылған тәрізді.

Тосын оқиғаның бетін қайтару үшін облыстық төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және апатты құтқару отрядынан 22 адам мен 1 техника, Бурабай ауданынан ондаған адам жұмылдырылған. Кешегі күні бәрі жабылып, су жырып кеткен жырларды

қапшықпен бітеп, топырақпен көміп, қауырт қимыл үстінде жұмыс істеп жатты. Бірақ қызылсудың бетін қайтару оңай шаруа емес. Сәл ғана көзін тапса бітті, әуелі сыздықтап, содан соң екпіндей ұмтылып, бұзып-жырып кетеді.

Қалыптасқан жағдайды көрдік. Алғашқы күндегідей емес, су қайтып келе жатқан тәрізді. Қылшақтыны бойлай Қопа көліне құйылуда. Мамандардың айтуына қарағанда, бұрынғыдан арнасы әжептәуір тарылған Қопа 5 миллион текше метрге жуық су қабылдай алады. Демек, ағын судың барар жері бар.

(Жалғасы 3-бетте)

ЭТТЕГЕН-АЙ!

МӘЛІМЕТТІҢ ӨЗІ ҚҰБЫЛМАЛЫ

Бүгінде жұрттың дені жолда жүреді. Уақыт солай. «Қазгидрометтің» хабарына көбірек құлақ түретіндер де солар. Жасыратыны жоқ, аталған мекеменің қызметі бұрынғыдан жанданды. Бірақ бұл жеткіліксіз екен.

Мәселен, төтенше жағдайлар комитетінің төрағасы Владимир Беккер кеше шындықтың шетін шығарды. Кейде болжам бұлыңғырланып кетеді. Нақты әрі анық емес. Мысалы, Ақмола облысында жауын-шашын мөлшері 3-14 мм деп көрсетеді. Көрсеткішті осы облыстың барлық аумағына бөлсек, ол аз болып көрінуі мүмкін. Ал жауын-шашынның көп бөлігі белгілі бір аумаққа



ғана жауады. Мұндай жауын-шашын кері әсерін тигізеді анық.

Елімізде бүкіл суға ауыл шаруашылығы министрлігі жауап береді екен. Ал төтенше жағдайлар комитеті — бағыт беруші орган. Осы

екі мекеме мүдделерінің арасында айырмашылық бар. Себебі комитет суды көбірек қадағалайтын органға айналып кетіпті. Владимир Беккер «Комитетте 3 жыл қызмет ете жүріп, елімізде қанша су қоймасы барын, олардың ауданы қандай екенін жатқа білемін. Өйткені өмір үйретеді. Қызығушылықтар екі түрлі деуіміңн себебі — сушылар әрдайым сусыз қаламыз ба деп қорқалды. Сондықтан олар көктемде судың мол болғанын қалайды. Өйткені жазда шаруашылықтарына қажет», — дейді.

Бүгінде синоптиктер ауа райын болжаудың жана әдістемесіне көшіпті. Сонда да ТК тарапынан көмек көрсетілуде. Әлемнің барлық елдерінде ауа райын болжау автоматтандырылған. Ал қазақстандықтар қардың мөлшерін әлі күнге дейін сызғышпен өлшейді. Жерді қазып, ескі әдісті әлі қолданады. Болжам дұрысталғанымен, шынайы өмірден әлі де алыс.

дөп

Кең даланың киесі саналатын киіктердің түрлі жағдайда қырылуы өз алдына, түздегі тұяқтының күрт азаюына жабайы аңшылар да себепші болуда. Жарты ғасыр бұрын елімізде 2 миллионнан аса киік болған. Ал қазіргі санақ бойынша қаншасы қалды? Қасиетті жануардың жойылуына кім кінәлі? Кейде кеудесін оққа тосатын табиғат қорғаушыларының өзі қаншалықты қорғалған? «ДӨП» пікірсайыс алаңында Сенат депутаты Әлімжан Құртаев пен журналист Дәулетхан Қыдырбайұлы осы мәселелер төңірегінде әңгімелесті.



Әлімжан ҚҰРТАЕВ:

ҚОРЫҚШЫНЫ ЕМЕС, БРАКОНЬЕРДІ ҚОРҒАЙДЫ

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Әлімжан Сейітжанұлы, қазір қоғамда депутаттар қозғайтын әлеуметтік мәселе аз емес. Сіз де өткен аптада аса маңызды депутаттық сауал жолдадыңыз. Киелі киіктердің азайып бара жатқаны, тіпті қорғайтын инспекторлардың жағдайына байланысты өте өзекті мәселе көтердіңіз. Шын мәнінде, киіктің киесі барын неге ұмытамыз?

Әлімжан Құртаев: Киік деген — киелі аң. Кешегі Кеңес одағы жанадан құрылған кезде, 1920 жылы киікті аулауға тыйым салынған екен. Ал 1960 жылы киікті аулауға қайтадан рұқсат берілді. Сол жылдары қазақ даласындағы киіктің саны 2 миллионнан асқан. Ол кезде жоспарлы түрде аулауға рұқсат берілген. Жоспарлы дегеніміз — ауланған киіктің еті халыққа үлестірілген.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Яғни арнайы мемлекеттік саясат болған ба?

Әлімжан Құртаев: Иә, үкіметтің арнайы саясаты болған. 1960 жылы 2 миллионнан асқан киіктен 2018 жылы 200 мың шамасында қалған. Бұл киік санының 10 есеге азайғанын көрсетеді. Оған табиғи жағдайда қырылып қалумен бірге, дала кезген жабайы аңшылардың да беталды мүйіздіге мылтық кезеуі себеп. Бұл — қазіргі кездегі халықтың жанақайының бірі. Сондықтан киікті сақтап қалу — ең маңызды мәселе. Депутаттық сауал көтеруге итермелеген негізгі осындай жағдай.


Дәулетхан Қыдырбайұлы: Сіз айтып отырған екі мәселе бар. Бірі — табиғи қырылу, екіншісі — адамның қолымен қыру. Алғашқысының әңгімесі қалай болды? Осыдан 2-3 жыл бұрын киік қырылып, даламыз қан сасып қалды ғой. Соның нәтижесі шықты ма?

Әлімжан Құртаев: Оны мамандар зерттеді. Әр түрлі себептерін де атады. Бірақ табиғи қырылудың да астарында, адамның қатысы бар деген ой жатыр. Ал екіншісі — күннен-күнге көбейген браконьерлер.

(Жалғасы 3-бетте)

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

АРБАКЕШТІҢ АРМАНЫ



Пәтерді күнім өтті жалдауменен,
Хәлім тең жер шұқыған қарғаменен.
Жыртығын жамаймын деп ұл-қызымның,
Өтіп жатыр өмірім арбаменен.

(Бұл туралы 5-беттен оқыңыздар)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

69,56



DOLLAR

379.16



EURO

426,44



РУБЛЬ

5,83

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Ол мен емес!

(Толығырақ 2-бетте)



7 KÚN

168 SAĖAT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

БИЛІК

Ауылда дәрігер тапшы. 846 елді мекенде медициналық мекеме мүлде жоқ. Бұл түйткіл Премьер-Министр Асқар Мәминнің төрағалығымен өткен үкімет отырысында жария етілді. Сонымен бірге алғашқы медициналық көмек сапасын жақсарту мәселесі сөз болды.

Үкімет басшысы А.Мәмин денсаулық сақтау министрі Е.Біртанов пен бірқатар өңір әкімдерінің баяндамасын тындап болған соң, халыққа медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету және сапасын жақсарту міндеті тұрғанын

облыстары жұмысты соңына дейін жеткізе алмады. 2019 жылы еліміздің медициналық жоғары оқу орындарында 5000-нан астам түлектің 1515-і жалпы практика дәрігер мамандар. Бұл алғашқы медициналық көмек кадрларының тапшылығын түгелдей қамтуға жеткілікті», — деп түсіндірді. Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар жас мамандарды тарту мақсатында барлық әлеуметтік қолдау шарасын жасауы қажет. Министр «Әлеуметтік қолдау шараларын елді мекендермен қатар, шағын қалаларда көрсету мүмкіндігі заңнамамен бекітілу қажет. Бұл сол жердегі кадр тапшылығын жоюға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жас мамандарға өз оқуын жекеменшік медициналық ұйымдарда жұмыспен өтеуге мүмкіндік беру қажет. Бұл алғашқы

арқылы жалпы практика дәрігерлерінің жүктемесін азайтуды қамтамасыз ету. Сонымен қатар бұл нысандар қажетті медициналық құралмен жабдықталуы қажет. Мысал ретінде Қарағанды облысындағы Көктас ауылы мен Жамбыл облысындағы Гродеково ауылында жүзеге асырылған жобаны атап өтті. Екіншіден, жас мамандардың ауылдарда тұрақты жұмыс істеп, елді мекендерде қалуы үшін әлеуметтік қолдау көрсету мәселесін пысықтау қажет. Мысалы, Солтүстік Қазақстан мен Түркістан облыстарында жас мамандарға жоғары көтерме ақы төлеу керек. Ал Батыс Қазақстан мен Қарағанды облыстарында тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмысы ұйымдастырылды.

АУЫЛҒА ДӘРІГЕР ҚАЖЕТ

атап өтті. А.Мәмин «Бұл халықтың денсаулығын жақсартып, өмір сүру ұзақтығы мен өмір сапасын арттырады. Халықтың алғашқы медициналық көмекке қолжетімділігі аса маңызды мәселе», — деді. Сондай-ақ аталған жүйедегі түйткілдерді тілге тиек етіп, алғашқы буын дәрігерлерінің жүктемесі ауыр екенін және маман тапшылығын баса айтты.

Еліміздің бас дәрігері Е.Біртанов «Алғашқы медициналық көмек қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ұйымдарды біріктіру жүргізілуде. Алғашқы медициналық көмек ғимараттарының тозу деңгейі 9 өңірде республикалық көрсеткіштен жоғарылап кеткен. Сонымен қатар инфрақұрылымды жанарту шараларының аздығына байланысты 846 ауылдық елді мекенде медициналық нысанның жоқтығын атап өткім келеді», — деді.

Жиында ауыл-аймақтар мен елді мекендерге келген жас мамандарға әлеуметтік қолдау көрсетудің және тұрғын үймен қамтамасыз етудің маңызы зор екендігі баса айтылды. Осыған орай министр «Көтерме жәрдемақы ұсыну бойынша Алматы, Қостанай және Жамбыл



медициналық көмекті мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тегігі арқылы дамытуға мүмкіндік береді», — дейді. Жиын барысында үкімет басшысы А.Мәмин міндеттерді іске асыру мақсатында денсаулық сақтау министрлігіне және өңір әкімдеріне бірнеше бағыт бойынша жұмыс ұйымдастыруды тапсырды. Атап айтқанда, біріншіден, жана алғашқы медициналық-санитариялық көмек нысанын ашу

Үшіншіден, Елбасының тапсырмасын тиімді орындау мақсатында денсаулық сақтау министрлігінің алғашқы медициналық-санитариялық көмекті дамыту бойынша іс-шара жоспарын Үкімет деңгейіне көтеру қажет. Ұлт саулығы сөз болған басқосуда министрлік пен өңір әкімдері осындай нақты тапсырма алды.

Жарас ШӨКЕ

АПТАНЫҢ АЛТЫ АУЫЗЫ

31 216

жерлесіміз Оңтүстік Кореяда тұрақты тұрады және жұмыс істейді

22

бала жыл басынан бері Елордада тұрмыстық химиялық заттардан уланған

50 000 000

теңге Ақтөбе облысында сапасыз қызмет көрсеткен медициналық мекемелерден қайтарып алынды

400

отбасы күнгейден Қостанай облысына қоныс аударған

88

батысқазақстандық тұрғын өткен жылы заңсыз киік аулағаны үшін жазаланған

60 000

доллар «Астана Су арнасы» мекемесінің бұрынғы басшысы алған пара мөлшері



Сәрсенбай ЕҢСЕГЕНОВ,
Сенат депутаты:

«ЕАЭО-ның басты қағидатының бірі – тауар мен капиталдың еркін айналымы. Екіншіке қарай, аталған қағидат толық іске аспай отыр. Әсіресе, Ресеймен шекаралас аймақтағы ауылдардың тұрмысына кері әсер етуде. Бұл кәсіпкерліктің дамуына, азаматтардың тұрмыс-тіршілігіне кедергі келтіруде. Экономикаға кері әсерін тигізіп отырған өткізу пунктері елдің батысында ғана емес, басқа да өңірлерде бар».



Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Премьер-Министрдің орынбасары:


«Өртүрлі мәселе бар, ресейлік әріптестермен екі жыл бойы келіссөз жүргізіп жатырмыз. Бұл, негізінен, Ресей шекара органдарының мәселесі. Бір жағынан, қаржы, екіншіден, штат проблема болып тұр. Шынын айту керек, мәселенің шешімі жоқ. Сондықтан үкіметоралық комиссияның қарауына қайтадан шығарамыз».

Мағзұм МЫРЗАҒАЛИЕВ,
энергетика министрінің орынбасары:

«Бізде атом электр стансасының құрылысы бойынша әлі шешім қабылданған жоқ. Әзірше алаңды анықтадық. Ең қолайлы технологияны таңдаймыз. Бұл қосымша зерттеуді талап етеді»

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
Сенат депутаты:

«Бұл жердегі әңгіме атом электр стансасының қалай салынуында. Яғни қандай технологиямен салынатынында. Егер бүгінгі күнгі барлық талаптарға жауап беретін, экологиялық жағынан да таза технологиямен салынатын болса, онда құба құп. Ал 1986 жылғы Чернобыльдегі жарылыс сияқты жаңа заман ғылым талабына жауап бере алмайтын технологиямен салынса, онда ол дұрыс емес».



Әлеумет.т⁰



ТАРАЗЫНЫҢ ТЕҢ БАСЫ

Қызметіне жана кіріскен кез келген президенттің алғашқы ресми сапары аса маңызды. Сол арқылы қай елдің басты стратегиялық серіктес екені айқындалады. Қасым-Жомарт Тоқаев ресми сапармен Ресейге барды. Айта кеткен жөн, президент В. Путиннің шақырумен. Мемлекет басшысы Мәскеу сапары қарсаңында «Российская газета» басылымына берген сұхбатында мұны айрықша атап өтті. Бұдан мынадай ой туюға болады: бізбен жақын қарым-қатынасқа терістік көршіміз ерекше мүдделі. Себебі де белгілі. Батыспен арадағы тоқтаусыз текетірес, салмағы барған сайын ауырлап жатқан санкциялар, шетелдік инвестиция мен заманауи технологиядан қағылып, тек мұнай мен газға иек артқан экономика. Тегі бір туысқандардың теріс бұрылып, кәрі құрлыққа ұмтылуы... Мұндай жағдайда, сөз жок, өзара сыйластықты, тең дәрежелі байланысты құп көретін Қазақ елі секілді сертіне берік, сенімді одақтас қажет-ак.

Ресеймен тиімді барыс-келіс бізге де керек. Көпвекторлық сыртқы саясат аясында. Елбасы қалыптастырған осы ұстаным өзінің өміршеңдігін дәлелдеп қана қоймай, өзгелерге үлгі болуда. Әсіресе, қазіргі жаһандық аумалы-төкпелі жағдайда. Бір мықтымен ерегесіп, ат құйрығын үзіскен, пана болар деп өзге бір күштінің қолтығына кіріп, ақыры, содан шыға алмай қалғандардың қандай күйге түскені бүгінде әмбеге аян. Ал сындарлы да сауатты сыртқы саясат елдегі ішкі дамуға ең қолайлы ахуал туғызатын қағидат болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, ортақ шекарасы 7 мың шақырымға жуық, экономикалық кеңістігі ортақ, қорғаныс жүйесі септес елмен тек өзара тиімді байланыс қана

тұрақтылық кепілі бола алады. Басқаша болуы мүмкін емес. Әділін айтқан абзал, соңғы кездері Кремль қазақтың латын әліпбиіне көшуі мен ана тіліміздің өрісін кеңейтуіне бұрынғыдай суық қабақ танытпайтын болды. Батыстың алпауыт компаниялары кейінгі кездері біздегі кеңіштерді барлау жұмыстарына пәлендей қызығушылық танытпай жатқанда, «Лукойлдың» Каспийдегі «Жеңіс» кеңішін игеру үшін келісім жасауы әлемдік энергетика саласында басты жаналыққа айналды. Ресейлік компанияның бұған қоса елімізде жағармай шығаратын өндіріс ошағын салатыны жөнінде газетімізде жазғанбыз.

Қ.Тоқаевтың сапары барысында ресейліктер Қазақстанда АЭС салу жөнінде сөз қозғады. Өздерінің технологиясын ұсынды. Қайбір жылдары бір министріміз осы жобаны қайта-қайта тықпалап, ақыры қолдау таппай, тауы шағылған болатын. Біздің билік бұл жолы да елп ете түспей, осынау кілтипаны көп мәселеге байыппен, жеті өлшеп, бір кесетінін жеткізді. Мәскеуде екі жақты қарым-қатынастың өзге қырлары талқыланды.

Президенттің Ресейге жасаған тұңғыш сапары сәтті аяқталды деуге толық негіз бар. Енді шығыстағы алып көршімен сындарлы қарым-қатынасты бекемдету жайы сөз болады деп күтілуде. Бұл да бекер емес. Өйткені, от жаккан орны орыспен ормандас, қытаймен қыраттас Қазақ еліне көршілерімен тату болу — қашанда ең асыл міндет.

Срайыл СМАЙЫЛ



Қызықтар

ОЛ МЕН ЕМЕС!

Соңғы жылдары алаяқтық жолмен ақша табатындардың қатары көбейді. Әсіресе ресейлік Ирина Хакимованың құлығына құрық бойламай тұр.

Ол Қазақстандағы бірнеше қаланың тұрғынына бренд аяқ киімдер жеткізіп бермекші болған. Алайда сәнді аяқ киімге тапсырыс бергендердің үміті ақталмады. Сәнді аяқ киімнің орнына кәдімгі арзанқол кебіс келіпті. Алданып қалғандар полиция департаментіне арыз түсірген. Тәртіп сақшылары ресейлік алаяқты іздеудің орнына, алматылық Ирнаның мазасын алып жүр екен. Өйткені алматылық әйел ресейлік алаяқтың аттасы екен. Аяқ киім саудасына қатысы жоқтығын айтып ақталған Ирина мән-жайдың дұрыс шешілуін күтіп жүр.





(Басы 1-бетте)

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Браконьерлердің қолынан даланың киелі киігі де, кісісі де қаза табуда. Кешегі депутаттық сауалда қорықшы, марқұм Ерлан Нұрғалиев туралы айттыңыз. Бұл табиғат қорғаушыларымыздың дәрменсіздігі ме? Әлде техникалық немесе басқа да құрал-жабдық жағынан браконьерлерден кем қалып жатқанымыз ба?

Әлімжан Құртаев: Бұл — занның солқылдақтығы. Қазіргі заң қорықшыны емес, браконьерді қорғайды.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Браконьерді ме, әлде табиғат қорғаушыны ма?

Әлімжан Құртаев: Браконьерді. Мысалы, қазіргі киік мүйізінің

Әлімжан ҚҰРТАЕВ:

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ

ҚОҒАМ



бағасы еліміз ішінде 2 келісі 200 мың теңгенің аясында. Ал Қытай базарларында бұл баға 3000-5000 доллардың аясында. Сонда 4 мүйіз 1 келі болса, Қытай базарының бағасымен әрбір мүйіз 1000 доллар болып отыр. Ал соны атып алған браконьерге салынатын айыппұл 300 АЕК (*айлық есептік көрсеткіш*). Бұл екеуі салыстыруға тұрмайтын нәрсе. Занның солқылдағы осы жерде деп ойлаймын.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Аңшылық барысында қолға түскен жағдайда жаңағы азаматтар айыппұлды төлеп кете бере ме?

Әлімжан Құртаев: Иә, өйткені ол айыппұл оның тапқан табысының 10/1 бөлігі ғана. Сол

үшін бұл жерде заңға өзгеріс енгізу керек. Ал жауапкершілікті қатайтқан жөн.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Бұл үшін қандай ұсыныстарыңыз бар?

Әлімжан Құртаев: Біздің көтерген мәселеміз киікті қорғау жөнінде болды. Бұл төңіректе жеке заң қабылдау керек. Одан кейін «Охотзоопром» мекемесі инспекторларының материалдық-техникалық базасы төмен. Олардың енбекақысының төмендігі де ойландырады. Мысалы, браконьерлер ең соңғы үлгідегі жол талғамайтын көлікпен жүрсе, біздің инспекторлар одақ кезінен қалған ескі көлікпен жүреді. Бұл да бір шешімін таппай жүрген мәселе.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: «Сананы тұрмыс билейді» демекші, өзі болмашы жалақы алып отырған инспекторды сатып алу....

Әлімжан Құртаев: Иә, ол кез келген браконьерге қиындық тудырмайды.

қатарынан шығарып, өз алдына жеке мекеме ету мәселесі қозғалған еді...

Әлімжан Құртаев: Иә, ол мәселе қозғалды.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Оның қажеттілігі қандай? Олардың жұмысы министрлік тарапынан көрінбей қалды ма, әлде тиімсіз болып жатыр ма?

Әлімжан Құртаев: Ол енді жауапкершілігін күшейтіп, бөлек мекеме етіп шығарса, оның мәртебесін арттырамыз деген ұсыныс бар. Одан кейін киіктің жүретін жерлерінде табиғи парктер ашу қажет. Мысалы, Ақмола облысының Қорғалжын ауданы — киіктер мекендейтін негізгі аймақ. Сол маннан Ақтөбеге дейін табиғи парктер ашылса, дұрыс болар еді. Киікпен бірге табиғат ананың басқа да жан-жануарларын сақтауға да мүмкіндік туады деп ойлаймын.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Мысалы, Ерлан Нұрғалиевтің ісіне байланысты айттыңыз. Бұл іске де әлі күнге дейін нүкте қойылған жоқ. Өткен

аптада Қарағанды аумағында тағы да браконьерлер ұсталды. Оның ішінде «Охотзоопром» инспекторлары да бар. Осыған қатысты не айтасыз?

Әлімжан Құртаев: Бұл жерде басты себеп, инспекторлар жалақысының төмен болуынан туындаған деп ойлаймын. Одан кейін жауапкершілігінің аздығы да бар. Ал ерлікпен қаза тапқан Е.Нұрғалиев Елбасымыздың Жарлығыменен «Барыс» орденімен марапатталып, «Барыс» ордені оның отбасына табыс етілді. Оның еңбегінің бағаланғандығы. Ал бірақ сол іс сиықұйымшақтанып созылып келеді. Ол қалай да өз шешімін табу керек.



Шөкір ХАХАЗОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Заңға сәйкес, ЖСН — жеке тұлғаға бір рет әрі өмір бойы берілетін цифрлық код. Қарағандылық Наталья Шубичук 2018 жылы жоғалған жеке куәлігін ауыстырғаннан кейін өзінің 143 жаста екенін білген. Ал Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны Вадим Шоворостов 5 жылдан бөрі зейнеткер еместігін дәлелдей алмай жүр. Оралдық Игорь Бакалкин ЖСН нөмірін түзетем деп жүргенде 2010 жылы өлгендер тізіміне кіріп кеткен».



Сәбит СӘНДІБАЙ, еділет министрлігі тіркеу және заң қызметін ұйымдастыру департаменті директорының орынбасары:

«Бүгінгі таңда ЖСН қателіктері шығып жатыр. Яғни адамның туған күні айымен сәйкес емес дегендей. Бірақ, бұл мемлекеттік қызметті пайдалануға ешқандай кедергі келтірмейді».



Оқыс оқиға

жағдайлар департаменті мен «Казгидрометтің» облыстық филиалы бірігіп өткізген брифингте аталған департамент басшысының орынбасары,

Манарбек Шапағатов Қылшақты өзенінің суы Кенесары су қоймасын бұзып кеткенін жеткізген болатын. Маманның айтуынша, еріген қар суы мен жауған қар

(Басы 1-бетте)

Ақмола облыстық төтенше



Фото: express-kz

салдарынан Кенесары су қоймасының деңгейі бірден көтерілген. Сөйтіп, су ұзындығы — 30 метр, биіктігі — 4 метр бөгеттің аумағын бұзып кеткен. Манарбек Шапағатов: «Ивановка су қоймасына — 2-2,5 миллион текше метр, Көкшетау қаласына 1,5-2 миллион текше метр су келуі мүмкін. Осыған байланысты Кенесары және Ивановка су бөгеттері, Көкшетау қаласында Қылшақты өзенінің бойында су деңгейіне мониторинг тұрақты жүргізілуде», — деді.

Бөгеттің бұзылуы Кенесары ауылындағы тұрғын үйлерге қауіп-қатер төндіріп тұрған жоқ. Жағдай бақылауда. Апта сайынғы гидрологиялық болжамға сәйкес, биыл 30 наурыздан 5 сәуірге дейін өзен су қорының көлемі 40-60 пайыз қысқарады деп болжам жасалды. «Казгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Ақмола облыстық филиалының директоры Бақыт Мақажанова: «Осы аптада жоғарыдағы өзендердің, сай-сала мен жылғалардың суы Есіл, Ақмола облысының өзендеріндегі ылғал қорының көлемі әдеттегіден 20-70 пайызға көп. Ылғал қорының көлемі мен жердің кату тереңдігіне жүргізілген талдау, сондай-ақ су қоймаларының 70-90 пайыз толуы көктемде Есіл, Сілеті, Қалқұтан, Жабай, Шағалалы өзендерінің жағасындағы Ақмола облысының елді мекендерін, өнеркәсіп нысандары мен

жатқан шаралар туралы брифинг өтіп, жағдай жұртшылыққа таныстырылғанын айтты. ТЖ комитеті төрағасының бірінші орынбасары Марат Күлдіковтің айтуынша, Ақмола облысының Көкшетау қаласында екінші сәуірде сағат 04.50-де Қылшақты өзеніндегі су деңгейінің көтерілуіне байланысты алты үй мен 15 ауланы су басқаны тіркелген. Жүргізілген жұмыстардың арқасында барлық үйлер мен 11 ауладан су сорылды. 3 сәуірде сағат 06:00-дегі жағдай бойынша Көкшетау қаласында 4 аула маны аумағы су астында қалған. Жергілікті билік пен ТЖ департаменті Қылшақты өзенінің арнасын нығайту бойынша жұмыс жүргізді. Құм

толтырылған 150 қап пен 80 тонна құм төгілген.

Барлығы 7840 текше метр су сорылды. 16 бірлік мотопомпа, төрт ассенизаторлық машина, екі трактор техникасы, екі өрт сөндіру автоцистерна жұмылдырылған. Зеренді ауданының Ивановка селосының ауданында бөгетті нығайту бойынша жұмыстар жүргізілді. 40 тонна құм және киыршық тас төселді. Сонымен қатар өткен тәулікте Солтүстік Қазақстан облысында жолды су шайып кетуіне байланысты «Екатеринбург-Алматы» республикалық маңызы бар тас жолының 795-856 шақырымындағы жол бөлігі жабылды. Автокөліктің қозғалысы Рузавка ауылы арқылы өтуде.

Ақмола, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарына Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларынан және Жамбыл облысынан қосымша көмек шақырылды. Бұл Ақмола облысындағы жағдай.

БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА:

Төтенше жағдайлар комитеті өңірлердегі соңғы жағдайлар төңірегінде бізге төмендегідей ақпарат ұсынды: Шығыс Қазақстан облысының Бескарағай ауылында 3 сәуір күні таңғы сағат 6-дағы жағдай бойынша 3 жеке тұрғын үй су астында қалған.

Бұл 3 баспана Камышинское, Доман және Куликовское көлдерінің жағалауындағы жазық жерде орналасқан. Қазір суды сору жұмысы жүргізілуде. 15 наурыздан 3 сәуір аралығында республика бойынша көлік жолдарының 17 бөлігінде жол төсемін су шайды. Яғни Қарағандыла — 13, Ақмолада — 2, Павлодарда — 1, Солтүстік Қазақстан облыстарында 1 жол бөлігін қызылсу алып кеткен.

Су шайып кету қаупі бар тас жолдарға қосымша 5163 метр уақытша бөгет тұрғызылды. 50736 дана құм толтырылған қап төселді. Ақмола, Қарағанды облыстарында, СҚО, ШҚО-да 997881 м³ су сорылды.

Ақмола, Қарағанды облыстарында, СҚО, ШҚО-да авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге



Фото: express-kz

инфрақұрылымын су алуы мүмкіндігін көрсетеді.

Біз кеше Көкше өңіріндегі қызылсудың қаупі туралы ішкі істер министрлігінің төтенше жағдайлар комитетіне (ТЖК) хабарластық.

ТЖК баспасөз қызметі өңірдегі ахуалды туралы баяндай келіп, 3 сәуір күні ІІМ-нің төтенше жағдайлар комитетінде еліміздегі су тасқыны жағдайы мен оның алдын алу және жою бойынша қабылданып

692 адам, 177 техника, 63 мотопомпа және 21 қайық жұмылдырылды. Су тасқыны жағдайына мониторинг жүргізу мақсатында ТЖК аумақтық бөлімшелерінің және ЖАО өкілдері Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының аумағын әуеден барлауды жалғастыруда.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

Өмірдің өзінен

Қалтасына ақша түссе, қыз-келіншектердің базар аралайтын әдеті бар. Бұл үрдіс қазір, тіпті үдеп кетті. Мәселен, Алматыдағы ірі сауда орындарында жасөспірім қыздардың да киім-кешек іздеп, тамақтану орындарында тапжылмай әңгімелесіп отырғанын жиі көруге болады. Мұны бүгінгі тілмен айтқанда – шопинг дейді. Ағылшын тілінен аударғанда «бос уақытта керек заттарыңды алу үшін дүкен аралау» деген мағынаны білдіреді. Ал қарапайым базардың жөні бір бөлек. Айталық ел арасында қалыптасқан атауы бар «қара базар» нақты тауар алуға келген кісілер үшін қайнаған қазан секілді. Осы жерге келетіндер қаланың қалталы азаматтары деуге болмайды. Негізінен табысын талғажау етуге жетерлік немесе өзге аймақтардан келген ағайын. Олардың бір бөлігі – той-томалақ қамымен жүргендер. Міне, дәл сол кісілердің тауарын тасып берумен айналысатын арбакештер туралы білесіздер ме?



өзің ойламасаң, сенің тағдырың басқаларға керек емес. Мені толғандыратыны — осындағы кейбір жігіттердің әрекеті. Кейде күн ұзақ босқа отырады. Тым

АРБАКЕШТІҢ АРМАНЫ



ба? — дедім алғашқы сауалымды қойып.

— *Базарда арба сүйрегеніме 10 жылдан асты. Күндіз-түні тыным таппай жүріп, ақыры қаланың шетінен шағын үй салдым. Балаларымды оқыттым. Қазір немерелерім де өсіп келеді.*

— **Күніне қанша теңге табасыз? — дедім табысы туралы білім келіп.**

— *Әр күні әрқалай. Күніне шамамен 3-4 мың теңге табамын. Осының өзі отбасымды асырауға жетеді. Әрине, отбасында мен ғана жұмыс істемеймін. Балаларым есейді. Олар мен сияқты болмаса екен деп, шамам келгенше оқытуға тырыстым.*

— **Жас кезіңізде кім болуды армандадыңыз?**

— *Өзімнің мамандығым — дәнекерлеуші. Кәсіптік білімім бар. Мамандық бойынша кезінде жұмыс білет деген құжаттарды сұрайтын. Соның бірі болмаса жұмысқа орналасуың екіталай еді. Қазір де жақсы жұмысқа тұру оңай емес. Әйтеуір бір кедергіге тап боласың. Мысалы, Алматыда үй алу үшін 3 жыл тұрақты тіркеуде болуың керек. Ал сені үйіне кім тіркейді? Арамыздағы біраз жігіттің өз үйі бар. Пәтер жасағалап жүргендер де жетерлік. Біздің арамыздағы жігіттердің ең жасы — 17-де. Ең ересегінің жасы алтысқа таяп қалды. Жұмысқа базар ашылды-ау деген уақытта келе береміз. Шамамен таңертеңгі сағат 7:00-ден бастап. «Ерте тұрған еркектің ырысы артық» деген рас. Таңғы шаруа ішш етектең. Затын ана жерге, мына жерге таситындар көп. Сапырылсаң өмір. Шынында айтсам, арба сүйрегеннен арланбау керек. Бұл — адал еңбек, маңдай тер. Қарап жатқан кісіге ешкім ештеңесін бөліп бермейді. Өз өміріңді*

болмаса газет-журнал, кітап оқып отырса, бір жөн. Жұмыс жоқ кезде оқуға түсуге дайындалуға да болады ғой. Қартайғанша арба сүйреп өтуге бел бұмау керек. Арбаның да күні бітуі мүмкін...

Осы сәтте шаруасын тындырып келген жастау жігіт ортамызға жақындады. Серік ағай оған менін журналист екенімді айтып, сұхбатты әрі қарай жалғастыруын сұрады. Мараттың жүк тасушы болып, тұрақты жұмыс істеп келе жатқанына бес жыл болыпты. Қазір жасы — 25-те. Жамбыл облысынан Алматыға 20 жасында жұмыс іздеп келген. Тұрақты жұмыс таба алмаған жігітті таныстары осы жерге алып келіпті. Содан бері қара базарда арба сүйреп нәпакасын тауып жүр.

— **Марат, Алматыға қай жылы келдіңіз?**

— *2014 жылдың көктемінде осы қалаға келдім. Ауылда анам мен қарындасым бар. Әкем отбасын кішкентай кезімізде тастап кетіпті. Қазір басқа отбасы бар деп естіміз. Бірақ әкемді ешқашан іздеген емеспін. Мектепті бітіргеннен кейін ауылдағы шаруа қожалықтың бірінде көмекші болдым. Кейін шаруашылық жабдылып, жұмыссыз қалдым. Ақыры Алматыға жұмыс іздеп келдім. Құрылысшы, күзетші болғым келген. Алайда лицензия дей ме, басқа да құжаттарым толық болмай шықты. Кейін бір ауылдасым осы жердегі жігіттермен таныстырды. Содан бері осындамын. Қыста жұмыс азылды. Ол кезде ақша табу да мұңға айналады. Ал көктем шыға жұмысымыз жанданады. «Әжем» ықшамауданында достарыммен бірге пәтер жасадап тұрамын. Анам мен қарындасым хабарласып, қолымнан келгенше көмектесемін.*

Мені толғандыратыны — әкем. Ол кісі бізді неге іздемейді? Не деген тасжүрек еді? Кейде түсіме әкем кіреді. Қарамай кетіп бара жатады. Сол кезде жүрегімде ерекше бір сағыныш оянады. Бізбен бірге тұрғанда өміріміз басқаша болар ма еді? Қалай айтсам да болашақта өз әкем секілді қатыгез болғым келмейді. Басқа да жігіттерге берер кеңесім сол. Отбасын тастамаңдар,

ризашылығын айтып кететіндері де бар. Ондайларды өз арамызда «жирный клиент» дейміз. Кейде 300 теңге десең, барым осы деп 150-200 теңге беріп кететіндері бар. Ондайларға ренжімейміз.

Осы кезде арамызға біраз арбакеш жігіттер қосылып, Мараттың әңгімесін тыңдап отыр екен. Араларындағы пысықтау біреуі: «Демалыс күні біздің бос уақытымыз көп бола бермейді. Егер біз туралы көбірек білгіңіз келсе, тағы да келіңіз», — деді.

Бізге бағанадан бері бір нәрсе айтқысы келіп тұрған жігіт: «Айта берсек, қызық көп, — деді. — Осында көпшілігімізді толғандыратын мәселе — баспана. Тұрақты тіркеуі, жұмысы жоқ біз секілді жастар кімге керек? Тым болмаса, қала шетінен бір кісілік жатақханалар салынса, пәтерақысын төлеп тұрар едік. Көріңген жерде түнегенше, сол жақсы болар еді. Біреулердің пәтерін жалдаған ақша мемлекет қоржынын толтырса, дұрыс емес пе? Пәтерде бір бөлмеде бірнеше адам тұрған соң түрлі оқиғалар болады. Арақ ішіледі, төбелес болады. Адам тонау, кісі өлімі, ұрлық-қарлық... Қазақ жігіттерінің бәрі осындай жат әдеттен аулақ болса екен деп тілеймін. Маңдайымызға мәңгілікке арба сүйреу жазылмаған болар. Бізде бақытты болармыз».

Осы уақытта оларға да тапсырыс берушілер де көбейген еді. Арбасын сүйретіп, бір-бірілеп автобусқа қарай беттеді. Ал мен Марат арманына жетсе екен деген оймен үйге қайттым. Жолда келе жатып, арба сүйреген өзге ұлт жігіттерінің жоктығына қайран қалдым. Неге? «Әлде біздің сан жағынан көптігіміз жұмыссыздылықа ұрындырып отыр ма? Олардың барлығы бізден асып тұмаған болар. Қалай десек те, қазақ жастарының арба сүйрегені көңілге көп ой салады. Мүмкін біздің балаларымызды кішкене кезінен оқуын қалағаламаудың салдарынан осындай жағдайға душар болып жүрміз бе? Шын мәнінде, оқу керек. Оқыған бала өкінбейді. Арба сүйреу — азап. Арбакештердің арманы орындалсын. Десек те қара базарда жүріп, бақыт құсын іздеу қиын.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

TIRSHILIK



E-mail: jas_gazaq@mail.ru

www.jasgazaq.kz

Осы ғой енді...

Көшеңіз көрікті болса, өзіңіздің де көңіліңіз көтеріңкі жүреді. Бұл бесенеден белгілі жағдай. Атырау облысының Индер кент тұрғындары да алғашында жолдың жөндеуі жатқанын көріп, балаша қуанған. Шалғайдағы елді мекенге жеткен өркениеттің өмірі ұзаққа бармағаны ғана өкінішті.

ҚҰМҒА ҚҰЙЫЛҒАН АҚША



Бюджеттің миллиондаған теңгесіне жөнделген жаяу жүргіншілер жолының тасы уақыт өткен сайын топырақ астына сіңіп барады. Жаяу жүргіншілер күні кеше тас төселген тактайдай жолмен жүргеніне сенбейді. Қазір оның пайдасынан зияны көп болып тұр. Түн түгілі, күндіз жүру де қиын. Күн суықта төселгендіктен, тастың арасы ажырап, жүріп-тұруға қиындық келтіреді.

Индер кентіндегі негізгі бірнеше көшеге жаяу жүргіншілер жолын салуға қомақты қаражат республиканың қазынасынан бөлінген. Қажетті ақша жазда бөлінсе де, жұмыс тек қарашала басталыпты. Мердігер компанияның екі ай бойы таңдалуы, кейін құрылысқа қажетті материалдың дер кезінде жеткізілмеуі көп қиындық тудырған. Тұрғындар «Таңдаған тазға жолығалы» демекші, қатан іріктеуден өткен мердігер жұмысты ондырып жасамаған», — деп отыр.

Ғизатолла ӘБДІҒАЛИЕВ,
Индер кентінің тұрғыны:
— *Қыстың кезінде адам тротуар сала ма? Сары топырақ төсеген де үстінен жсайлап төрт бұрышты тасты қоя берген. Енді әр жері ойылып-ойылып қалды.*

Жаяу жүргіншілерге арналған жол осыдан 3 жыл бұрын желтоқсан айында төселген. Қыста жасалған жұмыстың нәтижесі көктем шыға



белгілі болды. Ресми мәлімет бойынша, бұл жұмыстарға 114 миллион теңге бөлінген. Жергілікті әкімдік жауапты компанияны сотқа бергенімен, сот шешімді мердігердің пайдасына шығарыпты. Себебі белгісіз. Жергілікті басшыларға сенсек, олар қыста жасалған құрылыс жұмыстарының сапасыз боларын білгенімен, бөлінген қаржыны кері қайтармас үшін жұмысты жанталасып ақтаған. Мердігер компанияның берген кепілдігі биыл жыл соңында аяқталады. Алайда одан пайда болмайтын секілді. Сондықтан бүлінген жерді жөндеуге әкімдік өзі кіріспек.

Абзал Рамазанов, *Индер аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің басшысы:*

— *Жүйелі түрде бұл жұмыс жүргізіледі. Қаржыны жергілікті бюджет есебінен қарастырамыз.*

Бір қызығы, жұмысын жөнді атқармаған қарағандылық мердігер компанияны ауданаралық экономикалық сотқа беріп, жеңіліп қалса да, кент әкімдігі сот шешіміне байланысты қайта шағымданды жөн көрмепті. Тіпті компанияның атын да естерінен шығарып алған. Ал осыдан бірнеше ай бұрын ауысқан аудан билігі желге ұшқан қыруар қаржыны қайтаруға әрекеттене ме, жоқ па, ол жағы әзірге белгісіз.

Жанар НИЗАМУТДИНОВА,
Атырау облысы

Қазақстан Халқы ассамблеясы құрылғаннан бері өзге ұлт пен ұлыс өкілдерінің тынысы ашылып, тіршілігі жанданды. Олардың қатарында тарихында басынан ауыр күндерді өткізіп, талай таршылықты көрген татар халқы да бар. Етек-жеңін жинап, еліміздің өркендеуі үшін барлық салада тынымсыз еңбектеніп жүр. Солардың бірі – ассамблеяның Алматы облыстық филиалы жанынан құрылған «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы орталығының жетекшісі Руфина Усанова.

Бізді қаршадай қыздың бойындағы қайсарлық, батылдық, іскерлік баурап алды. Аймақта атқарып жатқан жұмыстарымен таныса бастағанда-ақ, Руфинаның терең білімдарлығы мен біліктілігіне риза болдым.

Jas qazaq: Ең алдымен, татар ұлтының, өз әулетінің тарихы мен тағдыры, казак жеріне қоныстануы жайлы білсек...

Руфина Усанова: Татар халқы – жалпы түркі тілдес ұлт. Негізінен ұлтымыз Ресей Федерациясының Татарстан Республикасында қоныстанған. Одан бөлек, әлемнің басқа елдерінде де татарлар тұрады. Соның ішінде Қазақстанда да біраз татар бар. Жалпы, татар ұлтының тарихы, оның құрамы мен құрылысы, өткені мен бүгінгі жайлы көп нәрсені таратып айтып бере алмаймын. Қазір казак халқымен береке-бірлікте, көңіліміз кең, өміріміз өркендеп, өсіп келеміз. Әкем Қасым Усанов Теңлік ауылында туды. Жас күнінде бас механик болып қызмет атқарған, қазір өз алдына шаруа қожалығы бар. Шешем Гүлжауһар Усанова үй шаруасында. Өзім Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылының тумасымын. Қарабұлақтағы Титов атындағы орта мектепті бітірген соң І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін менеджер мамандығы бойынша бітіріп, басында банк саласында жұмыс істедім. Кейін зангер мамандығы бойынша оқуымды жалғастырмақ едім, әкем рұқсат етпеді. Сосын Алматы қаласында бірер жыл жеке кәсіппен айналыстым. Өткен жылы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстан Халқы ассамблеясының облыстық филиалы жанынан «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы ұйымдастырылып, басшылық соның тізгінін маған сеніп тапсырды.

«Жаңғыру жолы» аймақтық жастар қозғалысы алғашқы жиынын өткізді. Сонымен қатар Жеңіс саябағында облыс орталығының білімгерлерінің қатысуымен «Таза саябақ – Таза қала» іс-шарасын ұйымдастырды. Қозғалыстың мақсаты – еліміздегі қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту жұмыстарында жастардың басын біріктіру. Сонымен қатар «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруда бірлесіп жұмыс істеу. Қазір барлық аудандағы жастар қозғалысымен бірігіп, белсенді жұмыс істеудеміз. Ен алдымен жастарды қозғалыстың міндеттерімен таныстырдық және оларды басты бағыттар бойынша бірлесіп жұмыс істеуге жұмылдырдық. Жоспарға енгізілген шараларды орындау үшін, барлығымыз бірлесіп еңбек етіп, ортақ мақсатты жүзеге асыруға белсенді атсалысып келеміз. Болашақта әр ауданды аралап, сол жердің тұрмыс-тіршілігімен таныспақпыз. Сондай-ақ жастармен кездесіп, олардың ойын біліп қайту жоспарымыз бар.

Айта кету керек, біздің жоспарлы іс-шараларымыз адамгершілікке, отансүйгіштікке және рухани тәрбиеге бағытталған. Осы арқылы лекциялар, семинарлар, «Дөнгелек үстелдер», тимбилдингтер, кездесулер және басқа да түрлі шаралар қолға алынуда.

Jas qazaq: Өткен жылы қандай жетістікке жеттіңдер?

Руфина Усанова: Жетісу өңірі тарихи тұрғыда еліміздегі ең бір көпұлтты аймақ болып есептеледі. Этносаралық қатынастар саласы мен мемлекеттік ұлттық саясат мәселесі тұрақты назарда болып келеді. Өнірде ынтымағы жарасқан 105 этнос өкілі өзара тату-тәтті өмір сүруде. 71 этномәдени бірлестіктің 26-сы облыстық, 35-сі аудандық және 10-ы қалалық. Әртүрлі ұлт өкілдерінің өз мәдениетін дамытып, салт-дәстүрін сақтауға лайықты жағдай жасалған. Облыстық «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы да облыстық филиал құрамындағы кеңестер мен ұйымдар сияқты Тұңғыш Президенттің Жолдауында көрсетілген негізгі бағыттарды жүзеге асыруға барынша ұлыс қосуда. «Туған жер», «100 жаңа есім» және «Қазақстанның киелі географиясы» сынды бағдарламаларға жастар

белсене қатысып, экспедиция ұйымдастырылып жүр. Өткен жылы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы мен Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығының бірлесе

ұйымдастыруымен «Жұлдызы жарқыраған Жетісу» атты шара өтті. Оған да жастар тиісінше атсалысты. Бұдан өзге «Мен қазақша сөйлеймін», «Мектепке жол!», «Қазақ халқына мың алғыс» акциясына белсене қатыстық. «Бірлік» халықаралық лагерінде де басқосулар ұйымдастырдық. «Өзінді таныт» облыстық байқауы, Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің базасында «Startup Academy ZHGU» жобасы аясында «Менің StartUp 2018» атты жастар мен жас кәсіпкерлердің инновациялық жобаларын қалай жүзеге асыруға болатындығына арналған кеңес өтіп, жастардың өз ісін жетілдіруі жайлы бағыт-бағдар көрсетілді. Сонымен қатар жастарға үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді насихаттау аясында Ұлы Отан соғысы ардагерлер мен зейнеткерлердің отбасыларына барып көмек көрсетуді де ұмытқан жоқпыз.

Қысқасы, «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы өңірдегі барлық іс-шараға белсене атсалуда. Биылғы жоспарларымыз да ауқымды. Оның да нәтижелі орындаларына сенімдімін.

Бұл жұмысты басында бірден алып кетуде онай болған жоқ. «Көш жүре келе түзеледі» дегендей, қазір бағыттымызды айқындап үлгердік. Өткен жылғы басты жетістік «Жаңғыру жолы» өңірлік

жастар қозғалысының «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы аясында «Әлем таныған Қазақстан» атты жас суретшілер байқауын ұйымдастыруымыз болды. Осы арқылы жас суретшілердің талабын шындап, шығармашылық, көркемдік қиялдау дағдыларын дамыту, эстетикалық талғамын қалыптастыру, туындыларын көпшілікке жария етуді мақсат еттік. Байқауға 16 мен 35 жас аралығындағы үміткерлерден 31 өтініш келіп түсті. Байқаудың шарты бойынша

салынған суреттерде ұлттық накыш болуы шарт. Осыған орай, жас қылқалам шеберлері казак халқына тән ерекшеліктерді баса көрсетіп, бірі ұлттық киімдегі сұлу қызды, енді бірі мемлекеттік туды, ою-өрнектерімізді арқау еткен суреттерін бәсекеге салды. Туындылардың қай-қайсысы да көркемдігі, әсемдігімен көз тартады. Нәтижесінде жас суретші Сымбат Сәрсенбаева бас жүдені иеленді. Мәлдір Қасымбекова мен Радина Батпенова І орын тұғырынан көрініп, жеңімпаздарға диплом мен теледидар сыйға берілді. Ольга Пономарева, Толкын Әбдірәсілова, Арина Четверникова, Екатерина Герман II орынды, Акқуан Бодыбай, Диана Танатар, Дамир Тәнірбергенов, Нұрсұлтан

көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек береді. Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді. Этномәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеті, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын және дамуын жеделдетеді.

Еліміздің дамуындағы ассамблея рөлін бағаламау мүмкін емес. Мемлекетіміздің табысы халықтың бірлігіне, барлық ұлттық тіл мен дәстүрге деген құрметке негізделген. Ассамблея жұмысының арқасында сенімнің, келісім мен өзара түсіністіктің ерекше ауаны қалыптасты. Әрбір азамат ұлтына немесе діни нанымына қарамай, Ата Занда кепілдік берілген құқықтар мен еркіндіктердің бәрін толық пайдаланды.

Қазақтың біртуар батыры Бауыржан Момышұлының «Жиырма жас – тарихи ерліктер жасайтын жас. Осыған әрқашан да әзір болу керек» деген болатын. Шынын айтқанда, алғаш осы жұмысқа келгенше Қазақстан Халқы ассамблеясы туралы білсем де, оның жан-жақтылы қызметі туралы түсінігім аз еді. Бір жыл барысында әлемдегі елдерде баламасы жоқ, қазақстандық тәжірибенің ел берекесін сақтаудағы маңызы мен жастар келешегіне көрсеткен бағытын анық сезіндім. Сондықтан белді бекем буып, тапсырған міндеттер үдесінен шығуға барымды салып келемін.



ТАТУЛЫҚ – БАСТЫ БАЙЛЫҚ

Jas qazaq: Қазір татар мәдени орталығын басқарып отырсың? Жалпы осы орталық арқылы татар халқының қандай мәдениеті мен салт-дәстүрі насихатталып, оны жұрттың игілігіне айналдырудың нендей мүмкіндіктері қарастырылуда?

Руфина Усанова: Әлемде немесе Қазақстанда болсын әр халықтың өзіне тән, сан дәуірдің сынағынан өткен әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі бар. Сол құндылықтар арқылы әр ұлт немесе ұлыс өзінің ұлттық бейнесін қалыптастырғаны белгілі. Тарихқа үнілетін болсақ, татар ұлы мәдениет әлеміне үлкен-үлкен жаңалықтар қосқан, сол арқылы өркеніет көшіне өз әсерін ықпал еткен халық. Біздің ұлттың бастан өткерген қиыншылығы да

тарата білген. Соның ішінде түркі әлемінің Жаңа жылы есептелетін Наурыз мерекесін өте бір құрметпен қарсы алады.

Жыл сайын Наурыз мерекесі кезінде біздің орталықта да мерекені атап өтудің, оны жұрт жадында қалатындай етіп ұйымдастыру үшін жан-жақты жұмыс жүргізіледі. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, біз Наурыз мейрамы күндері оқушы балаларды үй-үйді аралатып, күлдіргі өлен айтып, көршілерін жаңа жыл мерекесімен құттықтайтын бұрынғы үрдісті қайта жаңғыртып жатырмыз. Сонымен қатар көктем шыға ел тыныш, береке мол, егіс бітік шықсын деген тілекпен кейбір татар ауылдарында «Сенді шығарып салу» рәсімі де тойланады.

Татар жастарының арасында көктемдегі «Қарға ботқасын» өткізу салты да бар. Бұл ауылды жерлерде көктемде егістің басталуы қарсаңында өтеді. Ондағы мақсат – егіннің бітік шығуын, өнімнің мол болуын тілеу. Сонымен қатар күзгі жиын-терін кезінде татар халқы «Сабан той» мерекесін ерекше құрметпен атап өтеді. Біздің бала күнімізде бұл мереке ауылдарда шағын көлемде ғана тойланатын еді. Қазір тұтас ұлттық мереке деңгейіне көтерілді. Оған үлкен мән беріледі. Бұл мерекеге татар ұлтымен қатар, ауылы аралас, қойы қоралас ұлт пен ұлыс өкілдері де қатысады. Мереке облыс орталығында, татарлар жиі шоғырланған аудан, ауыл орталықтарында ерекше тойланады. Ол күн күзгі жиын-терінде мол өнім алып, ел ырысы тасығанын көрсетуге арналғанымен, татар ұлтының мәдениеті, ұлттық ойыны, салт-дәстүрі, бәрі көрсетіледі.

Биыл облыстық филиалдың және «Туған тел» татар мәдени орталығының ұйымдастыруымен халықаралық «Сабан той» мерекесін өткізуді жоспарлап отырмыз. Жастар арасында кең тараған ойынның түрі – үй иесі қылдырып кеткенде, жастар сол үйге жиналып ойын ойнап, тамақ ішеді. Мұны «Аулақ үй» (онаша бас қосу) деп атайды. Ол жастардың бір-бірімен қоралас ойнап-күлуіне, өнер жарыстыруына, қонақ күтуіне тәрбиелеу мақсатында іске асырылады. Сондай-ақ халқымыздың қыз айтыру, қалыңдық көру рәсімдері түркі жұртында бір-біріне ұқсас болып келеді. Алайда әр елдің дәстүрінде өзіндік аздаған өзгешеліктері бар. Нәрестенің дүниеге келуімен байланысты жөн-жора, ырымдар да бар. Дәстүрлі киіну этностардың өз ана тілін үйренуіне мүмкіндік жасалған. Апта сайын сол ұлт пен этностың тілін білетін мамандар тіл үйренемін деушілерге барын салып қызмет көрсетеді. Олар бұл үшін ақы дәметіп отырған жоқ. Қайта өскелең ұрпаққа өз ұлтының құндылығын танытып, тілін меңгертуді мақтаншы санайды. Татар тілін үйренемін деушілерге ұзақ жыл тәжірибесі бар, білікті маман Мінавар Махмұтова апайымыз сабақ береді. Сондай-ақ татар халқының танымал перзенттері Ғабдолла Токай мен Мұса Жәлел атындағы оқулар дәстүрлі түрде өтіп тұрады. Өткен жылы облыс делегациясымен бірге Татарстанның астанасы Казан қаласында болып қайттық. Онда кезінде Казан қаласында оқыған казак зиялыларының өмірімен танысып, казак халқының ұлы тұлғасы Әлихан Бөкейхановтың ескерткішіне тәу еттік. Осы жолы достық пен берекенің қайда болса да салтанат құратынын шынайы түсіндік.

Jas qazaq: Біздің ең үлкен байлығымыз не?

Руфина Усанова: Қасиетті казак жері кашаннан береке мен бірліктің, ынтымақ пен ырыстың құт-мекені болғанын, болып келе жатқанын жасыра алмаймыз. Бүгінгі таңда елімізде өмір сүріп, өркендеп-өсіп, ұрпақ өрбітіп, ұлттық болмысын терендетіп отырған әр ұлт пен ұлыстың өз ақтандағы бар. Олардың дені тоталитарлық жүйенің қысымынан ата жұрттарынан ауа көшіп, казак жеріне тұрақтаса, кейбірі өз еріктерімен еркіндік сүйгіш казак топырағына келіп, тамыр тартқандар. Бірақ қалай болса да, сол ұлт пен этнос өкілдерін бауырмал казак халқы кеудесінен итерген жоқ. Кең құшағын ашып, бауырына қысты. Сырылып орын беріп, сыпайылық танытты. Ұрпақ өсіріп, ұлттық мәдениетін өркендету мен салт-дәстүрін жаңғыртуға қолда бар мүмкіндіктерді жасап келеді. Біздің ең үлкен байлығымыз – тұрақтылық пен ынтымақ деген ойдамын. Бізде Тұңғыш Президент, Елбасы қалыптастырған салиқалы саясат бар. Бүгінде еліміз өсу мен өркендеу жолында. Мұның бәріне ұлтаралық тұрақтылықтың арқасында қол жеткізіп отырмыз. Қаншама мектеп, аурухана, жолдар салынды, әлі де салынады. Дәл осындай тиімді саясатты бұдан әрі де жалғастыра берсек, өңірлер осы қарқынмен дами бермек. Жерімізде тұрып жатқан барлық халықтардың тілдері мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарау керек және осы игі дәстүрлі ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруға тиіспіз. Біз – еуропалықтар емеспіз, еуразиялықтармыз. Біздің өз бет-бейнеміз бар, өзіміздің діліміз, тарихи негізіміз бар және біз осымен мақтанамыз.

Қорыта келгенде айтарым, әрбір жас өзінің туған Отаны – Қазақстанның жанындай сүйіп, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін бойларына сіңіріп өсуі қажет. Сонда ғана өскелең ұрпақтың рухы биіктеп, келешегіміз кемелдене түспек.

— **Сұхбатыңызға рахмет!**

Сұхбаттасқан Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

Қазақ тарихындағы ақтаңдақ беттердің бірі – Қытай жерінен бас сауғалап Тибет асқан қаралы көш. Яғни XX ғасырда Алтайдан ауып, Тибет асқан. Үндістанға қоныстанып, одан ары түбі бір түркі жеріне тұрақтаған қандастардың көш жолындағы көрген азабы мен тартқан бейнеті қазақ тарихынан ойып орын алары анық. Бас-аяғы ширек ғасырға созылған, бірнеше мың шақырым азапты жолда қуғын-сүргінді басынан көшкен, «Құранды» бірінші болып қазақша сөйлеткен Халифа Алтайдың көз жасымен жазылған «Алтайдан ауған ел» деп аталатын кітабы – мәңгілік тарихымыздың бір бөлшегі.

Дүниеден өтсе де, көркем дүниесі мұра болып қалған ақсақалдың осы еңбегінен үзінді жариялағанды жөн көрдік. Мұнда қаралы көштің Үндістанға кіргеннен кейінгі көрген азабы баяндалады. Қазақтың басынан көшкен қаралы күндерін бүгінгі жас ұрпақ ұмытпауы тиіс.

Шыңхайдан шыққанда 5 мыңнан астам едік. Шамамен 1000 үй, 3039 адам, 1500 қару, 2000 түйе, 5000 жылқы, 1000 сиыр, 8000 қой өткізілді (*Бұндағы мал саны мөлшермен айтылған*).

Осылайша Үндістан топырағына кірдік. Көп шаршағандықтан, демалуға мұқтаж едік. Көп жылдар бойы арып-ашып көшіп, түпкілікті мекен боларлық жер іздеген мақсатымыз орындалған сияқты. Қорқыныш сейілді. Бірақ іс мұнымен біткен жоқ. Үндістанға кірісімен, босқындарды басқару ұйымын құр керек болды. Ұйымның басқармасы 19 адамнан тұрды.

Ұйым бастығы болып Елісхан мен Ғұсман Зайыпұлы сайланды. Басқарма мүшелері 15 адамнан тұратын болды. Бір мүфти, 1 кази ұйым мүшелігіне сайланды. Үндістандықтар қандай да бір басшы қызметкерлерді патша, көмекшілерін уәзір деп атайды екен.

Бізді Үндістан әскері Кашмир облысының Ладах аймағына алып келді. Тізімімізді ресми түрде тіркелді. Әскерлердің қарамағындағы 3-ке бөлінген топ Кәргіл шаһарынан өтіп Гималай тауының әлемге мәшһүр Зұлжила асуынан астық. Көштің кейінгі топтары осы асуда қарлы боранға ұшырап, малдарынан айырылып, жандарын зорға құтқарды.

КАШМИР ӨЛКЕСІ

Кашмир Үндістанның жеке аймағы екен. Қалаға келгенде нан көзімізге оттай басылды. Бірақ ақша құрғыр бізде қайдан болсын. Нан жемегелі бір жылдан аскандықтан, нанға аңсарымыз ауа берді. Ақыры бір нанға бір



жолмен жүргізген. Бұл қысастық болса да, қолымыздан келер ештеңе жоқ еді. Үздік-создық үш бөлек асудан асып, бірнеше күн жол жүріп, 1941 жылдың күзінде Мұзапар-Абат қаласына зорға жеттік.

Мұзапар Абат қаласының айналасын қалың қарағайлы тау қоршаған. Қала онша үлкен емес, шағын. Қаланың жанынан үлкен өзен ағады. Ортада темір көпір бар. Қала өзеннің арғы жағында. Біз өзеннің

TARİH

E-mail: jas_gazaq@mail.ru

www.jasgazaq.kz



киын-қыстау кезең туған жерімізді еріксіз көз алдымызға әкеліп, жанарымызды жасқа толтырды. Әлде бір уыс топырағына табанымыз тиіп, бір жұтым суын ішсек, жазылып кетер ме едік, кім білсін?!

ПӘНЖАБ ӨЛКЕСІНЕ ӨТУ

Елісхан бір күні түнде қасына Мардан, Сәлей, Ахметқали қатарлы бірнеше адамды ертіп, Исламханның үйіне жетеді. Оған «Бізді аймақтың басшысына жолықтырыңыз!» – деп өтініш айтады. Исламхан бұл кісілердің тілегін қабыл алады. Сөйтіп, ол кісінің көмегімен Әбит-Әбат қаласының уәлиі ағылшындық азамат сэр Фрейзер деген адамға жолығады, арыз-армандарын айтады. Пәнжабқа көшуге көмектесуін өтінеді. Сэр Фрейзер мырза қолынан келген жәрдем-көмегін аямайтындығын айтып қайтарады. Арада бірнеше күн өткенде көшуге рұқсат етілді. Бұл кезде көктем болып, күн ыси бастаған. Өлім көп, әр күн сайын он шақты адам өліп отырады. Көп адамдарды оба жалмап кетті. Өлген адамдарды қалалық зиратқа жерлеуге рұқсат етілмегендіктен, шатырлардың арасына жерлей бердік. Бүкіл ауылдың іші бейітке толып кетті. Күні бойы қабір қазып, қайтыс болған адамдарды жерлеу де онайға түспеді.

Алдымен, Исламхан отырған шағын қала Ғари Хабиболлаға өгіз арбамен жеттік. Екі ара жақын. жиырма-отыз шақырымдай ғана болатын. Исламхан бүкіл елді бір күн қонақ етіп, тамақ берді. Заты қырғыз Махмұтбек дейтін адам – Пәнжаб өкіметінің өкілі келіп, біздерді өткізіп алды.

Босқындарды алып кетуге арнайы машиналар келді. Машинаны бұрын көрмеген халық танырқай қарайды. Ат-түйелері бар бір бөлек ел өз беттерінше көшті де, Ахметқали молда бастаған біраз адам бір машинаға отырдық. Орманның

өледі. Бұл жағдай бізге өте ауыр тиді. Жергілікті халық күнде келіп кәлімізді біледі, өлгендерді жерлеседі, бірақ өлімді тоқтату қиын болды.

Өкімет те жақсы қарап, ас-сумен қамтамасыз етіп тұрды. Газет арқылы хабарланған алыс аймақтардан да мұсылман уәкілдер келіп хал-жағдайымызбен танысып тұрды. Шақырайған күн ми қайнатады, күндіз-түні шипылдап терлейміз. Ең салқын деген күн 40⁰-тен төмен түспейді. Ішке асымыз айғыз-айғыз тер болып ағады. Кейде ыстық жел қызыл жалын болып соғады. Жатқан шатырымыз қызып-ысып кетеді. Түнде ұйқы жоқ. Бірдене жамылсаң, терлеп-тепшіп, тұншығып өле жаздайсың. Жамылмасаң, шіркей талап маза бермейді. Әсіресе балалар шырқырап ұйықтай алмай сілелері қатады. Бұл да бізге үлкен дерт болды. Ыстықтан адамдардың өң-жүздері сарғайып, денелеріне қып-қызыл бөрткен қаптап кетті, біртіндеп сірескен жараға айналды. Мынау жарық дүние жалғаннан күдерімізді үзе бастадық. Осылайша қырылып бітеріміз деген уайымға салындық. Әлде бір салқын жерге барсақ, жанымыз қалар ма еді? Сөйтіп жүргенде жанымызға бір сары шатыр келіп қонды. Христиан дініне кірген жалақ қакқан бір сары татар екен. Әйелі еуропалық және Сүлеймен деген қырғыз қызметкері бар. Ақсақалдарды шатырына шақырып, шөй беріп, қазақша христиан кітабын тарката бастады. Ақсақалдарға:

– Сіздер шатырына бармаңыздар, кітабын да алмаңыздар – деп үгіттедім. Олар мақұл көріп бармайтын болды. Қайысбай балуан деген ақсақал оның қызметкері Сүлейменді азғырып алып, Кәстай деген қызға үйлендіріп қойды. Сондықтан мақсаты іске аспай, жолдасынан айырылған ол бір түнде көшіп кетіпті.

Бір күні Тәрнаваға ағылшынның Үндістандағы бас өкілі сэр Лорд Халифакс дейтін адам келді. Халық оны Вайсрай деп атайды екен. Бұл кісінің алды-артын жүзге жуық машина қоршап үлкен қоллаш, құрмет көрсетіп әкелді. Қасында көптеген лауазымды адамдар бар, үлкен сән-салтанатпен келді. Тегін келмеген шығар деген үмітте болдық. Вайсрай босқындарды жинап қандай мақсатпен келгендігін айтты. Әр қалаға таратып, үй-жай салып орналастыратынын және жергілікті елдің құқығын бермек екен.

Біз жақтан Елісхан сөйлеп, босқындардың арыз-арманын айтты. Әр адамға босқын деген белгі қағаз берілсе, бүкіл Үндістан көлемінде жүріп-тұруға рұқсат етілсе, кім қайда барып, қайда

орналасады өз еркінде болса деген өтініш-тілек білдірді. Біздің қолымызға бүкіл ел көлемінде жүріп-тұруға рұқсат етілген, уақыт мерзімі көрсетілмеген босқын деген қағаз берілді. Көңілдеріміз көтеріліп, арқамыз кеңігендей болды.

Сонымен, Үндістанның қай бұрышына барамыз десек, осы қағаз арқылы кете беретін болдық. Өстіп жүргенде 1942 жылдың күзі де болып қалды. Күннің ыстығы қайтып, салқын тартты. Ауа райы жаңға жайлы болғандықтан ба, өлім саябырлап, ел есін жия бастады.

Осы кезде басқалар секілді мен де емханаға жатып шықтым. Есімнен танып, қатты ауырдым. Он бес күн дегенде әзер тәуірленіп, үйге қайта орлдым. Әйтеуір өлмей тірі қалғаныма қуандым. Қыс түсіп, күн салқындалды. Мен сияқты ауырып, от басына қайта оралғандар да бар. Сол беті қайтпас сапарға аттанып кеткендер де көп. Үндістанға өткенде үш мыңнан артық адам едік, әзір соның бір мың екі жүздейі ғана қалды. Мүлде түтіні өшіп қалған отбасылар да болды. Ең азы бір

адамынан айырылмаған отбасы жоқ, үлкен-кішілерінің жүзінен қасіреттің қара табы анық байқалады, мына дүниеден түнгілген сынайда тұнжырай түседі. Біздің көргенімізді тағдыр дұшпанымыздың басына да бермей-ақ қойсын.

Хайдарабал – Үндістанның оңтүстігіндегі мұсылман өлкесі. Егер өлке басшысы мұсылман болса «навап» дейді. Ал үнді өлкелерінің басшыларын «ражамаһаража» дейді. Осы Хайдарабал өлкесінің басшысы Осман Әли мен Орталық Үндістандағы Бопал өлкесінің басшысы Хамидуллах біздер жайлы газеттерден оқып білген соң «сол адамдарды қарауымызға алып, бағамыз» деп өкіметке арыз беріпті. Осы адамдар басқарып отырған өлкелерді көріп қайту үшін Құсман, Хамза, Шақпақбай бастаған бірнеше адам пойызбен жүріп кетті. Көп кешікпей барған адамдар екі өлкені де көріп қайта оралды. Бопалдың жері салқындау және орманды, таулы, аң құсы көп екен, тіршілікке қолайлы болуы мүмкін деп келді. Сонымен біраз ауыл Бопалға көшетін болдық. Ахтар Әли деген кісі келіп, көшетін адамдардың тізімін алып кетті. Елісхан бастаған біраз ел Бопалға емес, тау жаққа көшетін болып, ел екіге бөлінді.

Төрт жүзден астам адам Бопалға көшіп, ал жеті жүзден астамы осы жақта қалатын болды. Құсман тейжі, Хамза зылың, Сауытбай, Қожан, Шақпақбай, Мүтәліп, Сүлеймен, Құсман молда, Қабылбектер ақылдаса келіп, Бопалды жөн көрді.

Екінші бір топ Елісхан, Бегі, Сәлей, Мардан, Дәуітбай, Қали, Ахмет Қали молда, Рақаділ, Ақзам, Қари Хайдарлар бастаған ауылдар Пәкістанның солтүстігіндегі Пішәуір, Субат, Әбит Абад, Шатрал секілді күні салқындау, таулы жерлерді сағаламақ болды.

Халифа АЛТАЙ,
«Алтайдан ауған ел»
кітабынан үзінді

қойдан бердік те нан алып жедік. Сонымен бірге ине-жіп, сабын секілді ұсақ-түйек заттарға да қой беріп, өзімізше сауда-саттық жасаған болдық. Қаланың аты Лех деп аталады. Үндістанның солтүстік жағында Гималай тауының қойнауына орналасқан. Негізінен халқының көпшілігі мұсылмандар. Түр-түстері де, киім-кешек, әдет-ғұрыптары да ұқсамайтын жат ел, жат жердеміз.

Біздерді Лех қаласынан Гималайдың аңғарындағы екінші қала Кәргіл дейтін қалаға апарды. Жолда 8 күн жүрдік. Мүз жастанып, қар төсенген Гималай тауы тым асқак, паң қарайды. Аспан тіреген мұзарт шыңдарының да түсі суық. Табиғаттың бір мықтысы менмін дегендей меніреулене мелшііп, сес көрсетеді.


Қилы-қилы күндер басымыздан өтіп жатыр. Ең жақсысы Шыңхай мен Тибеттегідей соғыс, қарулы қақтығыстар жоқ, тыныштық. Бірақ әлі жаяу-жалпы шұбырудамыз. Кашмир ханы Харисин Маһаража мұсылмандарды онша ұнатпайтын адам екен. Онымен қоймай, тибеттер біздің үстімізден арыз-шағым айтып, әбден жамандаған көрінеді. Сондықтан Харисин оң қабақ таныта қоймады. Босқындарды бұл қалаға да тоқтатпай, Гималайдың атақты асуы Зұлжила арқылы тағы бір қалаға апармақ болды. Асудан тек ашық күндері ғана асуға болады, ал қар жауып, боран сокса, жарық дүниемен қоштасудан басқа амал жоқ екен.

Зұлжила өте қиын асу. Тудың бетін қашап салған жалғыз аяқ қия жол бар. Астымыз шүңірейген шынырау зындан сияқты, сай табаны көрінбейді. Төмен қарасаң, басың айналып, көзің бұлдырайды. Жоғары қарасаң, сірескен мұз бен қарға оранып бұлт бүркенген ақ бас шындар кеудесін кере түседі. Осы асу бетіндегі тар жол қияметтің қыл көпірі секілді. Жазатайым аяғың тайып кетсе, онда тіршіліктен күдерінді үзе бер. Сонау төмендегі тұңғыық оппа шынырау жұтып қояды.

Бейшара босқындарды осы асу арқылы алып жүрді. Ұбап-шұбап ақырын ілбіп келеміз. Имандарымызды айтып, бір жаратқанға сыйынғаннан басқа қолымыздан келері жоқ. Өлгеніміз жоқ, өлгеннен басқаның бәрін де көріп келеміз. Адам ит жанды деген осы да. Маңдайға жазылған сергелден бір бітпей-ақ қойды, бәріне де төзіп келеміз. Біреулер түйесін жетектеп, біреулер сиырын, біреулер қойын айдап келеді. Күн түнеріп, суыта бастады. Алдыңғы лек асудан аман-есен асып, Сонамарк деген жерге қондық. Түстен кейін қар жауып, арт жақтағылар асудан ас алмай қалды. Бұлт тұмшалап, боран ұйтқыған асу өткел бермеді. Көп адамдардың аяқ-қолдары үсіді. Тіпті шөккен түйе, жатқан қойларды қар басып қалды. Адамнан да, малдан да шығын болды.

МҰЗАПАР-АБАТ ҚАЛАСЫ

Харисин Маһаражаның бұйрығымен босқындарды әдейі қиыр да қысталаң



бергі бетінде қияға шатыр тігіп отырдық. Бір жағымыз тау, бір жағымыз өзен. Оның үстіне біздің лагерьді әскер қоршаған. Жері де тар, тауы тіп-тік. Қысқасы, тыпыр етуге мүмкін емес. Кейбіреулерінің жарым-жартылай кизі үйі болса, кейбіреулерінде шатыр. Баспанасыздар да жеткілікті.

Осы қалада балаларды жинап алып оқыға бастадық. Алдымен арабша оқып, құранмен танысты. Сонымен қатар жергілікті халықтың да тілін үйрене бастады.

Жері тар болғандықтан, малға жайылым жоқ. Әрі қия бетке жайылу да қиын. Жанбырлы күндері арықтаған ат-түйелердің құлап өлгендері де бар. Жерсінбегендіктен ірі қара мал азайып қалды.

Өкімет босқындарға ұн, күріш, шай мен май, кант берді. Ет жеп, қымыз ішіп үйренген біздер мұны місе тұтпадық. Қара нан, етсіз күріш жегендіктен, бір-ақ айда екі жағымызға пышақ жанығандай әбден жүледік. Қалаға баруға рұқсат жоқ, бір нәрсе сатып алуға да болмайды. Жолды күндіз-түні әскер күзетеді. Сондай-ақ қар да жоқ, аяз да жоқ, қоныр салқын. Үнемі нөсерлетіп жанбыр жауып, мазамыз әбден кетті. Толассыз жауған жанбырға үйренбеген адамдарға бұл да қиын тілі.

Жанбыр тамшылары шатырлардың бәрінен өтіп кетті. Көрпе-жастық, киім-кешек түгел көгеріп, иістеніп шірі бастады. Ел әртүрлі ауруға шалдығып, көбі-ақ сырқатқа ұшырады. Ұзақ жауған жанбырдың әсері ме, әлде ішіп-жеген тамақтан ба, ешкім жаппай аурудың сырын ұқпады. Кейбіреулері селкілдеп безгекпен ауырса, ес-түсінен айырылып жынданғандар да бар. Біреулерінің көзі басы ісіп, қыс берсе, өн бойына жара қаптап немесе ауыздары ауырып, тістері шіріп кеткендер қаншама. Аяқ-қолдары топ болып, көкілдеп жүре алмай қалғандар да көп. Күркілдеп жөтеліп, қан түкіріп, не іштерінен қан кеткендер де баршылық. Ауа райының қолайсыздығынан болар осылай неше түрлі ауру қаптап, адамдар өле бастады. Халықты қайғы жайлады, еңсеміз көтерілмей-ақ қойды. Дәрігерлердің көмегі де шамалы еді. Осындай

ішін аралап өтетін жыландай ирендеген қара жолмен зулап келеміз. Көп уақыт өтпей Мансера қаласына келдік. Бұл қаланың тұрғындарының көпшілігі мұсылмандар болу керек, біздерді жылы шыраймен көшеде тізіліп тұрып қарсы алды. Мойнымызға гүлдестелерін кигізіп, көшелерді бір айналдырды. Жеміс, тамақ, сусындарын да беріп жатыр. Мұсылманшылдық көрсеткендеріне қатты қазы болдық.

Мұсылмандарды ұйымдастырып, бізді жақсы қарсы алуға мүмкіндік жасаған адамның бірі – Әбит-Әбат қаласының бастығы Жалалиддин Ханбаһадур. Өз алдымызға бір топ болып жүрген елу шақты машина Әбит-Әбат, һерипүр қалаларынан өтіп, Таксла деген жерге келдік. Мұнан кейі Тәрнаваға жеттік. Тәрнава – шағын ауыл, бірақ суы тұнық, ауасы таза жер болғандықтан, босқындарға осы жерді лайық көріпті. Көштің басын осы араға тіредік, алайда адам өлімі әлі тоқтаған жоқ. Бұл 1942 жылдың мамыры еді.

Ат-түйемен көшкендер үш күнде келді. Оларға да жол бойындағы қалалардың мұсылмандары ықылас-ілтипат көрсетіпті. Науқастарды дәрігерлер қарап, дәрі беріп, қамқорлық жасапты.

Пәнжаб өлкесінде жағдайымыз жаман болмады. Ерекше көңіл бөлініп, көмек көрсетілді. Алайда жолшыбай талай адамның дәм-тұзы таусылды. Төсек тартып жатпағанымыз болмаса, адамдардың көбі-ақ ауру.

Таксла – он сегіз шақырым жердегі теміржол стансасы. Осындай бір кезде Американың көмегімен салынған жақсы емхана бар екен. Наукас адамдардың көбін ауруханаға жатқызып емдей бастады. Жеген ас, ішкен су тексеріліп босқындарға айрықша назар аударылды.

ТӘРНАВАДАҒЫ ЖАҒДАЙ

Күн қатты ыстық. Әуе айналып жерге түседі. Күн сайын жиырма шақты адам

БҮГІНГІ
САТИРА

шеттерінен байып жатыр!» деген соң, жартастар мен үнгірлерді кезіп кеткен едім. «Жарқанаттың ұясы адамға ем екен, он шақтысы керек, біреу — екеу кем

көрсем» ғой. Содан бір күні «Ойбай, несін айтасың, кара қарғаның тістері кант диабетіне ем екен, арабтар сатып алады!» деген далбаса шықты. Далбаса болса да, алаяқтардың ақша жасайтын қақпанына кара халық жаппай түсіп, қарғаларды ата бастады. Сөйтсек, қарғада тіс болмайды екен ғой. Өз басым қарғаның аузын айырып, лупамен қарадым, құрттап кеткен тісі де жоқ! Неге сене береміз осы? Көңіліміз аяз ба, біліміміз саяз ба? Содан не керек, тасбақаның сакалын іздеп кеттім! «Несін айтасың, тасбақаның сакалын берсең, арабтардан байып қайтасың!» деген жұрттың соңына ілескен едім. Талай тасбақаны індерінен қазып алып, өлтіріп, артынан да, алдынан да сакал таппадым. Сөйтсем, тасбақада сакал түгілі, мүрт та болмайды екен! Қалай ойламағанбыз? Тағы бірде жыланның

Неге алдай бересіңдер?

Адамның өзі аш жүргенде, бүкіл ағзасы ауру, бүйрегінде тас жүргенде, қазаққа қазақ қас жүргенде, неге алдай бересіңдер, а?

Күні кеше: «Ойбай, жарқанаттың ұясын арабтар сатып алады екен, он шақтысын әкеп берсең, ішек сілесі қатып, жатып алады екен. Ақшаға қарық қылады екен, семізді арық, алдынды жарық қылады екен!» деген бейне баяндар интернетте хит болды. Соны көріп, менің әйелім де ит болды! «Қорыққандар алақандарын жайып жатыр, қорықпағандар

екен!» дегенді естіп, есім ауып қалды. Сөйтсем, сексендегі әжем айтады: «жарқанаттарда ұя болмайды, әшейін салбырап тұрады екен ғой».

Тағы бірде: «Ойбай, несін айтасың, аттың өті, есектің көті небір ауруға ем екен. Арабтарға апарса, ақшамен мұрныңды сүртесің!» деген дабыра шықты. Халықпен бірге мен де сеніп, ал аттың өтін іздейін. Талай есектің құйрығын кесіп аныраттым, сөйтсем, есекте бірдене болғанымен, жылқыда өт болмайды екен ғой?

Менің ойым «ақшалы болсам, бау-бақшалы болсам, әйтеуір күнімді

аяғың іздеп кеттік. Құрбаканың қанатын іздеп кеттік... Әйтеуір, ақша дегенде делебеміз қозып кетеді, сөйтеді де, алаяқтар озып кетеді! Соған қарағанда, халықтың жағдайы өте нашар болып тұр-ау? Аш адам ештеңе ойламайды, тереңіне бойламайды, байлар кедеймен ойнамайды! Неге алдай бересіңдер а, шаршаап кеттім!

Мұхтар ШЕРІМ

JAS QAZAQ
ГАЛЕРЕЯСЫ

Ақ пен кара



О.Тащықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжінің арнайы пән оқытушысы. Осы атпада қылқалам шеберінің «Ақ пен кара» атты жеке көрмесі өтті.





қазіргі таңдағы жетістіктерін пайдалана отырып, компьютерлік программалар арқылы жеткізу. Плакат құдіретін көп сөзбен емес, оның өзі сөйлейтіндей ой қалдыру. Бұл бағыт минимализм деп аталады.



Дайындаған, фотоға түсірген: Ғалия ҚАЛИЕВА



АЛ ТҮСІНІП КӨР!

Бауырсақ
пен
Қуырдақтан
жаңа сөзАлматы,
Сейфуллин көшесіАлматы,
Бөгенбай батыр
көшесі

КӨНЕНІҢ КӨЗІ

Шарық —
теріден тігілген
қарадүрсін аяқ
киім. Оны кейде
шәркей деп те
атайды.Шарықты
білеміз бе?

Шарықты үш түрлі теріден жасайды. Бірінші — иленбеген тері. Оны көн шарық деп те атайды. Екіншісі — иленген қайыс. Үшіншісі — терінің түгі сыртына қаратыла тігіледі. Шарықтың бұл түрін жылқының сауыр терісінен, құйрығының түбінен тігеді. Сондай-ақ өгіздің маңдай пұшпағы, түйенің өркеш терісі де пайдаланылады.

Дереккөзі:
argymaq.kzҚанат
СЫРЛЫБАЕВ —

кәсіби суретші, дизайнер. Суретшілер одағының мүшесі.

ҚЫЗЫА КІТАН

Құртамш
шалшықшы

Құртамш шалшықшы — сирек кездесетін құс. Таралу аймағы шағын. Тұмсығы астына қарай қайық, ұзын. Мекені — Шығыс Сібір аймағы. Қыс мезгілінде Шығыс Аустралия мен Тасман аралын мекендейді. Қазақстанда жаз мезгілінде Ертіс өзенінің маңында, тау бөктерлері мен селдір ормандарда кездеседі. Табиғаттағы жалпы саны 5 мыңнан асады.

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Нұрлаулет ТАЛҒАТҰЛЫ —
Астана қаласы (8 775 501 33 38)Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары
(8 778 910 45 34)Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия
mahmutba@online.noҰлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан
облысы (8 705 150 48 30)Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВБас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2159;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.